

“БҰҰ-ӘЙЕЛДЕР” КЕҢСЕСІ АШЫЛДЫ

Жуырда Ташкент қаласында “БҰҰ-Әйелдер” құрылымының Өзбекстандағы өкілеттігінің салтанатты ашылу рәсімі өтті.

Шараға Өзбекстан Республикасы Олий Мажлисі мен Үкіметінің мүшелері, БҰҰ агенттіктері, халықаралық ұйымдардың басшылары, сондай-ақ азаматтық қоғам мен жеке сектор өкілдері қатысты.

Айта кету керек, “БҰҰ-Әйелдер” құрылымы кеңсесін Ташкентте ашу туралы жоғары деңгейдегі келісімге БҰҰ Бас хатшысының орынбасары, “БҰҰ-Әйелдер” құрылымының атқарушы директоры Сима Бахустың 2024 жылғы май айында Өзбекстанға жасаған сапары барысында қол жеткізілген еді.

Олий Мажлис Сенатының Төрайымы Танзила Нарбаева “БҰҰ-Әйелдер” ұйымымен ынтымақтастықтың жаңа кезеңін қолдайтынын айтып, кеңсенің ашылуын елдің гендерлік теңдік саласындағы дамуын халықаралық деңгейде мойындаудың белгісі ретінде ерекше атап өтті.

“Күмән жоқ, бұл өкілеттіктің елімізде жұмыс істей бастауы

екіжақты қарым-қатынастарымызды жаңа деңгейге көтеруде, конструктивті ынтымақтастығымызды жүйелі түрде дамытуда үлкен рөл атқарады”, — деді Танзила Нарбаева.

Кеңсенің ашылуы Өзбекстан Экономика және қаржы министрлігімен ынтымақтастықта жүзеге асырылып жатқан, Еуропа Одағы қаржыландыратын гендерлік бағдарланған бюджетті жоспарлау жобасының іске қосылуымен тұспа-тұс келді. Бұл жоба — жаңа кеңсе қызметінің алғашқы кең ауқымды бағыты болмақ.

Салтанатты рәсімде “БҰҰ-Әйелдер” ұйымының Еуропа және Орталық Азия елдері бойынша аймақтық директорының орынбасары Элиза Фернандес Саенс кеңсенің елдегі әйелдер мен қыздар үшін әріптестік, даму және үміт рәмізі ретіндегі маңыздылығын атап өтті.

“Тендікке қол жеткізу жолы бұл кеңсенің ашылуымен аяқтал

майды — бұл жаңа міндеттемелермен, жаңа үмітпен және тоқтаусыз алға ұмтылумен басталады”, — деді Элиза Фернандес Саенс.

БҰҰ-ның Өзбекстандағы тұрақты координаторы Сабина Махл кеңсенің ашылуы елдің адами капиталын дамыту мен гендерлік теңдікке берік бейбілділігін растайтынын, ал “БҰҰ-Әйелдер” ұйымымен серіктестік осы мақсаттарға жетуге қызмет ететінін атап өтті.

Өзбекстанда “БҰҰ-Әйелдер” құрылымының кеңсесін ашу — әйелдер құқығы мен гендерлік теңдікті ілгерілетудің жаңа кезеңінің бастамасы. Бұл оқиға ұйымның мерейтойлық жылы мен бүкіл әлемде әйелдердің құқығын қорғауға және кеңейтуге бағытталған маңызды халықаралық құжаттардың мерейтойларымен тұспа-тұс келіп отыр. Биыл ұйым өзінің 15 жылдығын, Пекин декларациясы мен Іс-қимыл платформасының 30 жылдығын және БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің Әйелдер, бейбітшілік және қауіпсіздік мәселелері туралы 1325-резолюциясының 25 жылдығын атап өтеді.

Жуырда Өзбекстан Ақпарат және бұқаралық коммуникациялар агенттігінде Мамандандырылған білім беру мекемелері агенттігінің ұйымдастыруымен жүйедегі Президент, шығармашылық, спорт, мамандандырылған мектеп және мектеп-интернаттарына 2025-2026 оқу жылы үшін оқушыларды қабылдауға арналған конференция ұйымдастырылды.

Онда қабылдау Министрлер Кабинетінің тиісті қаулысымен бекітілген жарғы негізінде ұйымдастырылатыны, сондай-ақ ол

Конференция

ДАРЫНДЫ ЖАСТАРҒА МҮМКІНДІК

жарғыға Министрлер Кабинетінің 2025 жылғы 28 февральдағы 130-санды қаулысына өзгерістер мен қосымшалар енгізілгені айтылды.

Соған сәйкес, Президент мектептеріне түсу емтихандарына қатысу үшін онлайн құжат тапсыру үдерісінде ерікті түрде аумақтағы (Қарақалпақстан Республикасындағы, облыстар мен Ташкент қаласындағы) мамандандырылған мектептің бірін таңдаған, Президент мектептерінің 5-сыныбына кіру емтихандарының 2-басқышына қатысып, оқуға қабылданбаған 48 оқушы балдар реттілігімен құжат тапсырған мамандандырылған мектептің анық пәндер бағыты үшін белгіленген қабылдау квотасының 50 пайызынан аспаған жағдайда оқуға қабылднады.

Кіру емтиханының нәтиже-

леріне сәйкес, оқушының жинаған балдары бірнеше мамандандырылған мектепке қабылдау үшін жеткілікті болған жағдайда ол таңдаған бірінші мектепке оқуға қабылданады.

Мамандандырылған мектептерге оқушылар оқу жылының I тоқсанының қорытындысына дейінгі балдарының реттілігі бойынша қабылданады.

Агенттік тарапынан әр жылы өткізілетін жалпы орта білім беретін мектептердің оқушылары арасында көркем әдебиет және өнер саласында дарынды жастардың іріктеуге бағытталған аудандық (қалалық) және облыстық басқыштарынан тұратын байқаудың облыстық басқышында 1-, 2-, 3-орындарды иелеген 6-сынып оқушылары шығармашылық мектептеріне жалпы қабылдау параметрлері шенберін-

де кіру емтиханынсыз оқуға қабылданады.

Мұнда оқушылар онлайн құжат тапсыру үдерісінде байқау жеңімпазы болғаны туралы дипломның электронды нұсқасын платформаға жүктеуі талап етіледі. Агенттік жүйесіндегі Президент, шығармашылық, спорт және мамандандырылған мектептерге құжаттарды қабылдау үстіміздегі жылдың 1-20 июнь күндері, сондай-ақ кіру емтихандары июль айында өткізіледі.

Бұдан тыс, агенттік жүйедегі барлық мектептерде талапкерлерге онлайн құжат тапсыруға көмектесу, оқушыларды қабылдау бойынша етініш-сұрақтарына жауап беру бойынша штабтарды ұйымдастырды.

А.ОСПАНҚЫЗЫ,
“Нұрлы жолдың”
тілшісі.

Сенаттың Ғылым, білім және денсаулық сақтау мәселелері комитетінің жиналысында Сұрхандария облысында мектепке дейінгі тәлім-тәрбие жүйесін жаңа деңгейге көтеру және балаларды толық қамту бағытында атқарылып жатқан жұмыстардың жай-күйі талқыланды.

БАСТАУЫШ БІЛІМГЕ ЖОЛ

Жиынға Комитет мүшелері, Қарақалпақстан Республикасы Жоқарғы Кеңесінің, облыстық және Ташкент қалалық Халық депутаттары Кеңестерінің ғылым, білім және денсаулық сақтау мәселелері бойынша тұрақты комиссияларының мүшелері, Мектепке дейінгі және мектепте білім беру министрлігінің орталық аппарат қызметкерлері, тиісті министрліктер мен кеңселер, аумақтық мектепке дейінгі және мектепте білім беру басқармалары, сондай-ақ бұқаралық аппарат құралдарының өкілдері қатысты.

Белгіленгеніндей, соңғы жылдары республика бойынша мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының саны мен балаларды қамту деңгейі артқан. Атап айтқанда, 2017 жылы республика бойынша 5 211 мектепке дейінгі ұйымға 708 247 бала (3-7 жас аралығындағы балалардың 27,7 пайызы) тартылған болса, 2025 жылға қарай 38 058 мектепке дейінгі ұйымға 2 349 994 бала (77,0 пайыз) қамтылған.

Сұрхандария облысында 2017 жылы мектепке дейінгі ұйымдар саны 294 болса, қамтылған балалар саны 29 254-ті құраған. Ал 2025 жылы бұл көрсеткіш 3 105 ұйымға (10,5 есе өсу) жетіп, 182 284 бала (68,0 пайыз) мектепке дейінгі біліммен қамтылған.

Зерттелген аумақтарда балаларды бастауыш білімге сапалы даярлау, дені сау және жан-жақты тәрбиеленген ұрпақты қалыптастыру, болашақта табысты оқу қызметіне жағдай жасау мақсатында міндетті тегін даярлық топтарының мекенжайлық тізімі мен оларға қамтылатын балалардың тізімі қалыптастырылған.

Атап айтқанда, 6 жастағы 25 375 бала (6 017 топ) мектепке даярлық топтарына, 23

140 бала (1 134 топ) бастауыш білімге бір жылдық міндетті даярлық топтарына, 2 923 бала (468 топ) қысқа мерзімді топтарға, 156 бала мобильді топтарға қамтылған.

Сонымен қатар, сенаторлар мектепке дейінгі білім мен тәрбие саласында шешімін күтетін бірқатар мәселелердің бар екенін атап өтті.

Сұрхандария облысында мектеп жасына дейінгі балаларды қамту деңгейі өткен жылдармен салыстырғанда артқанына қарамастан, республикада ең соңғы орындарда қалып отыр. Мысалы, Денсау ауданында балалардың 44,1 пайызы, Байсын ауданында 37,6 пайызы, Сарыасия ауданында 37 пайызы, Шерабад ауданында 35 пайызы, Алтынсай ауданында 34,8 пайызы және Ұзын ауданында 33 пайызы мектепке дейінгі біліммен қамтылмаған.

Сондай-ақ сенаторлар кейбір мектепке дейінгі ұйымдарда “Ілк қадам” мемлекеттік бағдарламасы аясындағы 5 даму саласы балалардың даму карталары толық жүргізілмегенін, облыстағы 33 мектепке дейінгі ұйым бейімделген ғимараттарда жұмыс істеп жатқанын және кейбір ғимараттардың ескі әрі жөндеуді қажет ететінін айтты.

Жиналыстың соңында күн тәртібіндегі мәселе бойынша Зерттелген аумақтарда балаларды бастауыш білімге сапалы даярлау, дені сау және жан-жақты тәрбиеленген ұрпақты қалыптастыру, болашақта табысты оқу қызметіне жағдай жасау мақсатында міндетті тегін даярлық топтарының мекенжайлық тізімі мен оларға қамтылатын балалардың тізімі қалыптастырылған.

Өзбекстан Республикасы Олий Мажлисі Сенатының Ақпарат қызметі.



Биыл Ферғана облысында жалпы 94 мың 300 гектар алқапқа “Аср”, “Давр”, “Вежа”, “Антонино”, “Алексиевич” және “Безостая – 100” сынды мол өнім беретін, ерте пісетін бидай сұрыптары егілді. Қазіргі таңда астық ору науқанына кірісілді.



ФЕРҒАНАДА АСТЫҚ ОРУ НАУҚАНЫ БАСТАЛДЫ



Язьявон ауданында астықты сапалы әрі ұйымдасқан түрде жинап алу мәселесіне арналған облыстық тәжірибелік-тәлімдік семинарда осы бағыттағы маңызды міндеттер айқындалды.

Шараға аудан әкімдері, олардың ауыл және су шаруашылығы мәселелері бойынша орынбасарлары, астық қабылдау кәсіпорындарының басшылары, салаға қатысты облыстық ұйымдар мен басқармалар, арнайы отрядтар жетекшілері, қоғамдық кеңес мүшелері қатысты.

Алдымен семинар қатысушылары Орталық Ферғана аумағындағы “Бахромжон” фер-

мерлік шаруашылығының жұмысымен танысты. Бұл шаруашылықтың қарамағында жалпы 344 гектар жер бар. Оның 182 гектарына бидай, 162 гектарына мақта егілген. Мұнда 25 жоғары өнімді комбайндар мен жер жыртатын техникалар бар. Ерте пісетін бидай сұрыптары егілген бұл алқапта қазіргі уақытта орым істері басталған.

Осы жерде астық қырманына мол өнім тілеп, дүғалар оқылды. Облыста астық ору науқаны басталды.

Фермерлік шаруашылықта 10 гектар жерге күздік дәнді және майлы дақылдардың 50 түрі тәжірибе ретінде егілген.

Семинар қатысушыларына осы тәжірибелік алқап пен егілген сұрыптар туралы жан-жақты ақпарат берілді.

Семинар барысында Қытай технологиясы негізінде жоғары өнім көрсеткіштеріне қол жеткізіп, өнімділікті гектарына 100 центнерге дейін жеткізуді көздеп отырған “Мезон” фермерлік шаруашылығының тәжірибесі де көрсетілді.

Облыс бойынша ору және жинау жұмыстарын сапалы орындау мақсатында 340 арнайы отряд ұйымдастырылған. Бұл отрядтардың құрамына 340 комбайн, 1 мың 700 астық тасымалдайтын техника, 340 арнайы тіркеме, 340 тырма, 98 жанармай тасымалдайтын агрегат, сондай-ақ 46 өрт сөндіру машинасы біріктірілген.

Ферғана облысының әкімі Хайрулло Бозоров биылғы астық науқанын сапалы жүзеге асыру және қысқа мерзімде орып, жинап алу бойынша нақты тапсырмалар берді. Комбайншыларға, жүргізушілерге және науқанға қатысушы өзге де еңбеккерлерге барлық қажетті жағдай жасау, жұмыстарды жүйелі ұйымдастыру керектігі атап өтілді.

М.СУЛАЙМОНОВ,
Өза-ның тілшісі.

ЖҮЙЕЛІ ЖҰМЫСТАРДЫҢ НӘТИЖЕЛІЛІГІ

Өзбекстан Республикасы Экономика және қаржы министрлігі құзырындағы Кадастр агенттігі жүйесінде сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы нәтижелі күресу бойынша жүйелі жұмыстар жасалуда. Өз кезегінде агенттік жүйесінде Өзбекстан Республикасы Президентінің 2020 жылғы 7 сентябрьдегі ПФ-6061-санды жарлығы, сондай-ақ ПҚ-4819-санды қаулысы негізінде Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес құрылымы ұйымдастырылып, бүгінде бұл құрылымның атқарған жұмыстары ауыз толтырып айтарлықтай деуге болады.

Бұл орайда Кадастр агенттігінде және Мемлекеттік кадастрлар палататасында Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес бөлімінің штат бірліктері ашылған. Агенттікте коррупциялық құқықбұзушылықтар мен заңсыз іс-әрекеттердің алдын алу, сонымен қатар оларды болдырмау мақсатындағы дәйекті жұмыстардың нәтижесі көңілге қонымды.

Өзбекстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 11 майдағы ПҚ-240-санды қаулысының орындалуы бойынша агенттігіне жүктелген функцияларда сыбайлас жемқорлыққа тән қауіп-қатерлер бағаланды, сондай-ақ үстіміздегі жылдың май айында коррупциялық қауіп-қатерлер картасы мен сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес бағдарламасы бекітілді.

Жемқорлықтың алдын алу үшін баяндамалар жасау, үгіт-насихат жұмысын жүргізу, оның салдарын түсіндіру негізінде құрылым мамандары азаматтармен семинарлар, дөңгелек үстел сұхбаттарын өткізді, бұдан тыс, бұқаралық ақпарат құралдары арқылы да профилактикалық шаралар жасалды.

Өзбекстан Республикасының “Мүдделер тоғысуы туралы” Занының орындалуы аясында Кадастр агенттігі жүйесі қызметіндегі мүдделер тоғысуын анықтау, оның алдын алу және реттеу мақсатында мүдделер тоғысуын басқару бойынша жарғы бекітілді.

М.ХАМРОЕВ,
Кадастр агенттігінің жетекші маманы.

Іс жүзіндегі ынтымақтастық

БІРЛЕСКЕН БАҒДАРЛАМАЛАР ЖОЛҒА ҚОЙЫЛАДЫ

Соңғы жылдары Өзбекстан мен Словения арасындағы саяси диалог, сауда-экономикалық және мәдени серіктестік тұрақты түрде дамып келеді. Парламентаралық байланыстар мен халықаралық ұйымдар аясындағы ынтымақтастық нығайып, өзара тауар айналымы артуда. Атап айтқанда, соңғы жылдары тауар айналымы үш есеге көбейді, мәдениет және туризм салаларындағы алмасулар кеңейіп жатыр. Өзбекстанда Словения азаматтары үшін визасыз режим енгізілген.

Любляна қаласындағы Президент сарайында мемлекетіміз басшысы мен Словения Республикасының Президенті арасындағы шағын құрамдағы және ресми делегациялар қатысқан келіссөздер барысында практикалық ынтымақтастықты одан әрі дамытуға қатысты маңызды мәселелер қаралды.

Айта кету керек, бүгінде екі ел арасындағы саяси диалог, түрлі дәрежедегі байланыстар мен іскерлік кездесулер жанданып келеді. Мұны іске асырылып жатқан реформалардың нәтижесінен-ақ аңғаруға болады.

Келіссөздер барысында тауар айналымын арттыру және оның көлемін ұлғайту мәселелеріне ерекше назар аударылды. Мысалы, Өзбекстаннан тоқыма өнімдері, жеміс-көкөніс, минералды тыңайтқыштар, мыс өнімдері, тағы басқа да өнеркәсіп тауарларын, ал Словениядан дәрі-дәрмектер, озық технологиялар мен жабдықтарды жеткізу

А.ИСМАИЛОВ, Олий Мажлис Заң шығару палатасының депутаты.

Тауар-шикізат биржасы

ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ ТУРАЛЫ МЕМОРАНДУМ

Жуырда Тегеран қаласында Өзбекстан Республикасының Премьер-министрі Абдулла Арипов және Иран Ислам Республикасының Бірінші вице-президенті Мухаммад Ризо Орифтің қатысуымен өткен “Өзбекстан — Иран бизнес форумы” аясында Өзбекстан Республикасы тауар-шикізат биржасы (UZEX) және Иран тауар биржасы (IME) арасында Ынтымақтастық туралы меморандум жасалды.



Құжатқа Өзбекстан Республикасы тауар-шикізат биржасының Басқару төрағасы Асадулла Қаюмов пен Иран тауар биржасының Басқарушы директоры Саид Жавад Жахроми қол қойды.

Ынтымақтастық туралы меморандум екі ел арасындағы сауда-экономикалық байланыстарды дамытуда биржа механизмдерін пайдалану мен биржа саудалары бойынша өзара тәжірибе алмасуды негізге алады.

Өзбекстан Республикасы тауар-шикізат биржасы АҚ-ның Жұртшылықпен байланыс бөлімінің мәліметіне сәйкес, Иран тауар биржасы (IME) 2007 жылы құрылып, Орта Шығыс аумағындағы ең ірі тауар биржасы болып табылады. 2024 жылы Иран тауар биржасында жасалған бітімдердің жалпы құны 47,1 миллиард АҚШ долларын құраған.

Осындай мақсаттарда Өзбекстан және Иран бизнес құрылымдары арасындағы биржа саудасы арқылы экономикалық байланыстарды дамыту, брокерлік компанияларды өзара тіркеуден өткізу және электронды сауда жүйелерін интеграциялау бойынша биржааралық ынтымақтастық жүзеге асырылады.

Бұдан тыс, қол жеткізілген келісімдерге сәйкес, заманалық биржа сауда құралдарын енгізуде өзара тәжірибе алмасу, сондай-ақ ынтымақтастықтағы біліктілікті арттыру шараларын ұйымдастыру, конференцияларды, семинарлар мен тренингтерді біргелікте өткізу жоспарлары айтылды.

Арұхан АҚПАНБЕТОВА, “Нұрлы жолдың” тілшісі.

Қазіргі таңда еліміз құқықтық мемлекет пен әділетті қоғам құру жолында жан-жақты реформалар дәуірін бастағаны барлығымызға белгілі. Бұл өзгерістердің өзегі — азаматтардың мүддесін қорғау, оның құқығы мен бостандығын ең жоғарғы құндылық ретінде мойындап, өмірге нақты механизмдерді енгізу.

Президентіміздің сындарлы саясатының арқасында жаңғырулар бүгінде құқықтық сана мен заң мәдениетін тереңдетуге бағытталған жүйелі жұмыстармен толықты.

Сот-құқық реформасының басты бағыты — заңның үстемдігін орнату ғана емес, әрбір азаматтың жүрегіне әділдікке деген сенім орнату. Осы мақсатта халыққа барынша жақын болу, әділетке ашық жол салу үшін сот жүйесі бұрын-соңды болмаған жаңа форматпен жұмыс істеуде. Соның бірі — көшпелі сот отырыстары, яғни сот үдерісін ха-

Әкімдікке дайындау мектебі

КӘСІБИ КАДР — ТИІМДІ БАСҚАРУ

Өзбекстанда мемлекеттік басқару жүйесін реформалау, оның тиімділігін арттыру, сондай-ақ жергілікті деңгейдегі басшылар корпусын сапалы қалыптастыру бүгінгі таңда маңызды міндеттердің біріне айналды. Осы мақсатта Мемлекеттік қызметті дамыту агенттігі мен Мемлекеттік саясат және басқару академиясы Германияның Ханнс Зайдель қоры және Бавария Мемлекеттік басқару мектебімен бірлесіп “Әкімдікке дайындау мектебі” біріккен білім беру бағдарламасын жүзеге асырды.

Мұндай бағдарлама елімізде алғаш рет халықаралық серіктестердің қатысуымен ұйымдастырылып, қысқа мерзім ішінде өз нәтижесін көрсетті. Білім беру бағдарламасы жергілікті мемлекеттік билік органдарындағы басшылық лауазымдар үшін кадрлар қорын қалыптастыруды, жоғары деңгейде білім алған және заманалық басқару дағдыларын бар мамандарды даярлауды мақсат еткен.

Мемлекеттік саясат және басқару академиясында осы бағдарламаны сәтті аяқтаған тыңдаушыларға сертификаттар салтанатты түрде тапсырылды. Салтанатты шараға мемлекеттік органдар мен халықаралық ұйымдардың өкілдері, БАҚ қызметкерлері және бағдарламаға қызығушылар қатысты.

Оқу үдерісінде тыңдаушылар 6 апта бойы теориялық сабақтарға қатысты. Онда басқару психологиясы, стратегиялық жоспарлау, мемлекеттік қызметті ұйымдастыру, жергілікті бюджетті қалыптастыру, қоғаммен байланыс, цифрлық басқару сияқты өзекті тақырыптар камтылды. Сондай-ақ 8 апта бойы тыңдаушылар жұмыс орындарында өз бетінше білім алды. Сонымен қатар олар 2 апта министрліктерде және 2 апта

Кездесу

ТАШКЕНТТЕ ЖАҢА ӨКІЛЕТТІК АШЫЛАДЫ

Өзбекстан Сауда-өнеркәсіп палатасы төрағасының орынбасары Дилшод Расулов Иран Ислам Республикасының Сауда-өнеркәсіп, кен және ауыл шаруашылығы палатасының басқарма мүшесі Абдуллох Мухажир делегациясында елімізге іссапармен келген Мозандаран облысы іскерлер делегациясымен кездесу өткізді.

Мозандаран облысы — Иран-ның солтүстігінде орналасқан, агроөнеркәсіптік және экспорттық әлеуеті жоғары болған аумақ. Облыстың агроөнеркәсіп, азық-түлік өнімдері, мұнай-химия, құрылыс материалдары, туризм салаларындағы әлеуеті зор. Онда жылына 6 миллион тонна ауыл шаруашылығы өнімі өндіріледі. Сонымен қатар 3 еркін экономикалық аймақ бар, саяхатшылық пен өнеркәсіп бағыттары қарқынды өнбек етуде.

Шараға Иранның Өзбекстандағы Төтенше және өкілетті елшісі Мухаммадали Искандари, Мозандаран облысының Сауда-өнеркәсіп палатасының басшысы Али Такипур, Иран — Өзбекстан бірлескен сауда палатасы-

ҚОҒАМ

Заң — әділет — сенім

ЗАҢ ҮСТЕМДІГІ – ЖАРҚЫН БОЛАШАҚ КЕПІЛІ

лықтың ортасына шығарып, заң мен тәрбиені бір арнада тоғыстыру тәжірибесі.

Бүгінде бұл бастама тек құқық бұзғандарға жаза қолданумен шектелмей, бүкіл қоғамды ойландыруға, тәрбиелеуге, қоғамдық сананы жаңғыртуға бағытталып отыр. Занды құрметтеу — тек қорқыныштан емес, парасаттан, елге деген сүйіспеншіліктен туындауы тиіс. Сондықтан да көшпелі соттар — құқықтық тәрбиенің, қоғамдық әділеттіліктің және мемлекет пен азаматтың өзара жауапкершілігінің жарқын көрінісі.

Ел болашағы — жастардың қолында десек, бұл үрдістің жас ұрпаққа да өнеге, тағылым беруі ерекше маңызды. Өйткені Отанға адалдық, тәртіпке бағыну, әділетті бағалау — тек заң талабы ғана емес, ұлт болмысының өзегі.

Жуырда Аққорған ауданының Хамзабад махалласында ерекше мазмұнға ие, терең тәрбиелік мәні бар көшпелі сот отырысы өтті. Шара құқықтық сана-сезімді арттыру, қоғамның белсенділігін қамтамасыз ету және әділет қағидаттарын принциптерін нығайту мақсатында ұйымдастырылды.

Жиын аудандық ішкі істер, қорғаныс және білім беру мекемелері, махалла белсенділері, ұстаздар мен оқушылар, сондай-ақ кен ауқымды қоғам өкілдерінің қатысуымен өтті. Сот отырысының ашық фор-

матта өткізілуі — халыққа заң үдерістерін көзбен көріп, әділеттің қалай жүзеге асатынын түйсінуге мүмкіндік берді.

Жиын барысында бірқатар әкімшілік құқықбұзушылық істері қаралды. Әрбір іс бойынша бейтарап, әділ әрі адамгершілікке негізделген шешімдер қабылданды. Жәбірленуші тарап арыз-шағым түсірмеген жағдайларда тараптар татуластырылып, жасаған әрекетіне өкінетін, шын ниетімен қателігін мойындаған азаматтарға заң аясында жеңіл жаза түрлері қолданылды. Бұл — мемлекет пен заңға деген сенімді арттырып, қоғамда әділдіктің салтанат құруына жол ашады.

Бірақ жасаған ісіне өкініш білдірмеген, қоғам талаптарын елемеген азаматтарға қатысты қатан шаралар қарастырылды. Мәселен, әскери борышын өтемей, ел алдындағы қасиетті міндетін мойындамаған азаматқа заң шеңберінде қатал жаза тағайындалды. Сот отырысында мұндай әрекеттердің тек заңға ғана емес, ұлт пен мемлекетке жасалған опасыздық екені ерекше атап өтілді.

Жиында тергеу судьясы А.Қахрамонов құқықтық ағарту жұмыстарын жүргізіп, жастар мен тұрғындарға құқықбұзушылықтың салдары, заңға бағынудың маңызы, Отан алдындағы парыз, ұлттық армияда қызмет етудің қасиетті міндет екені туралы нақты мысалдармен

терең түсініктеме берді. Сонымен қатар қолданыстағы заңнамалар, оған енгізіліп жатқан өзгертулер және заман талабына сай қабылданған құқықтық нормалар туралы да жан-жақты ақпарат берілді.

Махалла төрағасы, құқықбұзушы азаматтың жұмыс берушісі, анасы, көршілері және қорғаныс бөлімі өкілдері де сөз алып, отбасы, қоғам және мемлекеттің тұлға тәрбиесіндегі үйлесімді ықпалы, құқықтық тәрбие мен отансүйгіштіктің маңызы, бейбітшіліктің қадір-қасиеті жайлы өз ойларымен бөлісті.

Аққорған ауданындағы көшпелі сот отырысы — заң мен тәрбиенің тоғысқан, парасат пен пайымның үндескен тұсы. Бұл қоғамдағы әділетке деген сұраныстың шынайы көрінісі ғана емес, мемлекет пен халықтың арасындағы ашық диалогтың жарқын үлгісі. Мұндай тәжірибе — қарапайым сот үдерісінен әлдеқайда биік әрі азаматтық жауапкершілікті оятатын, құқықтық мәдениетті тереңдететін, отаншыл рух пен адами құндылықтарды дәріптейтін өмірлік сабақ.

Бүгінгі күн — тек заңды білу заманы ғана емес, оны ұғынып, құрметтеп, ішкі сеніммен қабылдай білу кезеңі. Қоғамда заңнан именген емес, заңды сыйлаған тұлға қалыптасуы тиіс. Ал көшпелі сот отырысы осы бағыттағы нақты әрі жарқын қадам. Өйткені заң әділ болған-

да ғана ел тыныш, халық бейбіт, болашақ баянды болмақ.

Мұндай тәрбиелік мәні жоғары, ашық әрі мазмұнды іс-шаралар, әсіресе жас ұрпақ үшін ерекше маңызды. Жасөспірімдерге құқықтың салмағын сөзбен емес, іспен, мысалмен көрсету — жүрекке жетер жолдың ең тиімдісі. Қылмыстың жолы түйық, заңсыздықтың соңы — өкініш екенін жас санаға сіңіру — тәрбие мен мемлекет саясатының ең басты міндеті.

Көшпелі сот отырысы тек үкім шығару алаңы емес, бұл — қоғамның айнасы. Мұнда халық өзін, өз ортасын, болашағын көреді. Бұл — қателікке екінші жол бермеу, парасатты қоғам құруға үлес қосу, адам мен заң арасындағы сенімді көпір салу.

Елімізде жүргізіліп жатқан ауқымды реформалар — соның ішінде құқықтық сана мен мәдениетті арттыруға бағытталған мұндай тын бастамалар — елдіктің, өркениеттің және өр рухтың нақты көрінісі. Өйткені әділет салтанат құрған жерде ғана адам қадірі артады, заңның үстемдігі орнаған елде ғана шын мәніндегі еркіндік пен тұрақтылық орнығады.

Сондықтан да көшпелі сот отырысы сынды тағылымы терең іс-шаралар — елімізді ертеңге бастар темірқазық.

Ерсейіт БАТЫРБЕКОВ, “Нұрлы жолдың” тілшісі.

Адам мүддесі үшін

ШАЛҒАЙ АУЫЛДАҒЫ ИГІ ІСТЕР

Қарақалпақстан Республикасының Мойнақ ауданына 2024 жылдың 29 октябрінде жаңа ауызсу желісін тарту жұмыстарына старт берілген еді.

Жаңа су желісі 5 мың текше метр су жеткізу және 1 мың 300-ден астам шаруашылықты ауызсумен қамтамасыз ету мүмкіндігіне ие.

Жоба Азия даму банкі есебінен қаржыландырылып, құны 8,21 миллион долларды құрайды.

Сол негізде аудандағы “Қызылжар” ААЖ-ның “Әлий” ауылы, “Хаким ата” ААЖ-ның “Достық” ауылы, “Мәделі” ААЖ-ның “Шеге” ауылы, “Бозатау” ААЖ-ның “Әмудария,” “Қыпшақдария,” “Таллық” ауылдары, “Үшсай” ААЖ-ның “Үшсай,” “Токпақ ата” ауылдары мен аудан орталығындағы махалла азаматтар жиыны аумақтарына “Түйе мойын” су қоймасынан ауызсу жеткізіледі.

Қазір жұмыстар Мойнақ ауданының барлық ауылдық азаматтар жиындарында жүргізіліп, таяу күндерде аудан орталығында да жалғасады.

ЖОЛ ИНФРАҚҰРЫЛЫМЫНА КӨНІЛ БӨЛІНУДЕ

Соңғы жылдары Президент тарапынан жол-көлік инфрақұрылымын жаңғырту, қолданыстағы жолдарды жөндеу мен жаңа бағыттарды салу бойынша бірқатар маңызды қаулылар қабылданды.

Аталмыш реформалар нәтижесінде еліміздің барлық аймақтарында, атап айтқанда, шеткі аудан мен ауылдарда да жол желілері дәйекті түрде жаңартылууда.

Мемлекет басшысы тарапынан Қарақалпақстан Республикасының инфрақұрылымын дамытуға ерекше көңіл бөлініп отырғаны аса маңызды.

Қарақалпақстан аумағы географиялық және климаттық жағынан қиын болса да, соңғы жылдары мұнда әлеуметтік және экономикалық инфрақұрылымды жақсарту, көлік жолдарын жөндеу мен жаңғырту бойынша бірқатар іс жүзіндік жобалар жүзеге асырылууда.

Шымбай ауданында жүргізіліп жатқан жол құрылысы жұмыстарын аумақтық жобалардың бірі сипатында айтып өтуімізге болады. Атап айтқанда, Д234 (4Р176) “Некіс — Шымбай — Тақтакөпір” автомобиль жолының 83-84-шакырымында асфальт төсеу жұмыстары жүргізілуде. Шымбай аудандық “Жолдарды пайдалану” мемлекеттік ұйымы ұйымдастырған бұл жөндеу жұмыстарына 10 арнайы техника, 17 жұмысшы жұмылдырылған.

Жөндеу жұмыстары жоғары технологиялық талаптар негізінде жүргізілуде. Құрылыс жұмыстары аяқталғаннан кейін жолдың өткізгіштігі айтарлықтай артады, көлік ағыны тегістеліп, жолаушылардың қауіпсіздігі қамтамасыз етіледі. Жергілікті экономикалық белсенділік үшін де қолайлы жағдай жасалады.

Бағдарлама аясында 95В027 (4К40) “А380 автомобиль жолы (749 км) — Некіс құс фабрикасы” автомобиль жолының 4 километр бөлігін асфальттау жұмыстары жүргізілуде.

Бұл автомобиль жолы Некіс қаласынан “Бестебе” елді мекеніне апаратын негізгі жолдардың бірі болып, жолдың қалған бөліктерінде де белгіленген бағдарламаға сәйкес жөндеу жұмыстары жүргізіледі.

Тілеухан ШӨМЕКОВА, “Нұрлы жолдың” меншікті тілшісі.

Бояуларда — балалар көзқарасы

ЖАҢА ӨЗБЕКСТАННЫҢ БАҚЫТТЫ БҮЛДІРШІНДЕРІ

Бүгінде Жаңа Өзбекстанда жас ұрпақтың жан-жақты дамуы, олардың бақытты балалық шағы мен жарқын болашағы үшін мемлекет тарапынан ауқымды, жүйелі және нақты істер атқарылуда. Балалар — елдің ең асыл қазынасы, ұлттың үміті мен болашағы екенін терең түйсінген еліміз оларды қорғау, тәрбиелеу және қолдау бағытында тың бастамалар мен ерелі жобаларды жүзеге асыруда.

Президент Шавкат Мирзияевтың басшылығымен жүзеге асып жатқан реформалар тек экономикалық өсімді көздемей, ең алдымен, адамның, соның ішінде баланың бақыты мен амандығын қамтамасыз етуге бағытталған. “Бала — бақыт бастауы, болашақ кепілі” деген ұстаным бүгінгі қоғамның басты бағдарына айналды. Білім берудің сапасын арттыру, балалардың шығармашылық қабілетін ашу, оларға қауіпсіз әрі қолайлы орта қалыптастыру — мемлекет жүргізіп отырған әлеуметтік саясаттың басым бағыттарының бірі. Осы тұрғыдан алғанда, еліміз аумағында ұйымдастырылып жатқан әрбір мәдени іс-шара — балалардың тұлғалық дамуына, дүниетанымының кеңеюіне және рухани кемелденуіне үлес қосып келеді. Бүгінгі ұрпақ — еліміз ертінің айнасы, қоғамның үміті

мен келешегі. Балаларға жасалған әрбір игі іс — болашаққа салынған алтын көпір. 1 июнь — Халықаралық балаларды қорғау күніне орай Бөке ауданындағы №25 музыка және өнер мектебінде балалардың қатысуымен “Бақытты балалық шақ” тақырыбында ерекше көрме ұйымдастырылды. Шара Жаңа Өзбекстанда өскелең ұрпаққа жасалып жатқан қамқорлықтың, олардың шығармашылық әлеуетін дамытуға бағытталған игілікті бастамалардың жарқын көрінісіне айналды. Көрмеге ауданның өнерлі өрендері қатысып, өз туындылары арқылы балалық шақтың шаттығын, отбасы жылуын, достық пен бақыттың қадірін бейнеледі. Әрбір сурет — бала жүректің тұңғығынан шыққан мейірім мен шынайылықтың айғағы іспеттес.



Кішкентай суретшілер салған бейнелерде тек бояу ғана емес, өмірге деген махаббат, бейбіт болашаққа деген сенім, өз халқы мен еліне деген сүйіспеншілік те қатар өрілген. Балалықтың бал дәмі мен армандар әлемін бейнелейтін бұл көрме көрермендердің жүрегінен жылы орын алды. Шара соңында көрмеге белсене қатысқан жас суретшілерге Өзбекстан Республикасы Мәдени-ағарту орталығының аудандық бөлімшесі атынан алғыс хаттар табысталды. Бұл марапаттар олардың өнерге деген ынтасын арттырып, жаңа жетістіктерге жол ашатын үлкен шабыт көзіне айналды. Жаңа Өзбекстанда балалардың жан-жақты дамуына, олар

дың таланты мен қабілетін ашуға кең мүмкіндік жасалып отыр. Мемлекет ұстанып отырған “Бала — бақыт, бала — болашақ” қағидаты бүгінгі ұрпақтың жарқын болашағына сенім ұялатады. Осындай игі бастамалар арқылы өскелең ұрпақтың бойында өнерге, білімге, Отанға деген сүйіспеншілік артып, олардың жандүниесі байып, рухани тұрғыдан кемелдене түседі. Өнермен тәрбиеленген бала — ертенгі дана. Қылқалам арқылы сыр ақтарған жас жүректердің арман биігі әлі алда. Жаңа Өзбекстанның әр баласы бақытты болуға лайықты. Иә, балалардың шат күлкісі мен бағғын арманы жаңғырып тұрған ел — нағыз бақытты мем

лекет. Бүгінгі “Бақытты балалық шақ” көрмесі сол бақытты балалықтың бейнесін қағазға түсірген өнерлі өрендердің жүрек лебізі ғана емес, еліміздің кемел болашағына бағытталған рухани сәлемі іспетті. Мемлекет тарапынан балаларды қорғау, оларға сапалы білім мен заманауи тәрбие беру, шығармашылық мүмкіндігін ашу бағытында жасалып жатқан ауқымды істер қазіргі ұрпақ үшін ғана емес, тұтас қоғамның болашағы үшін жасалған стратегиялық маңызды қадам. Баланың бір тамызы қуанышы — еліміздің ертеніне құйылған шуақ, оның бір ғана арманы — мемлекеттің үлкен мақсатына айналуы тиіс. Осындай мазмұнды іс-шаралар арқылы Жаңа Өзбекстанда тек білімді ғана емес, сонымен қатар рухани бай, еліне жана-шыр, өнер мен мәдениетті бағалай білетін, Отан алдындағы жауапкершілікті терең сезінетін жана буын қалыптасып келеді. Баланың бақыты — еліміздің бақыты. Бүгінгі бейбіт аспан астында балалықтың бал дәуірінен сүріп жатқан жас буын — ертенгі тарихты жасайтын тұлғалар. Сондықтан ұрпақ қамқорлығына арналған әрбір қадам — еліміздің мәңгілік іргетасы екенін ұмытпауымыз керек. **Үсенбай БАТЫРБЕКОВ, “Нұрлы жолдың” тілшісі.**



Жас кітапсүйер

БІЛІМДІГЕ ЖОЛ АШЫҚ

Кітап оқуға ден қою тек мектеп қабырғасында немесе білім беру ошақтарында оқып жүрген жастардың білім алуымен шектелмейді. Адамзатқа рухани азық болатын кітапсүйгіштік қай жерде де, қай кезде де қажет болатын дүние.

Әлеуметтік нысандар басқармасы жуырда жақсы бастаманы бастады. Яғни ол басқармаға қарасты орындардағы жұмысшы-қызметкерлерді кітап оқуға жұмылдыру, кітапқа деген қызығушылығын арттыру. Осы мақсатты көздеген Әлеуметтік нысандар басқармасы “Жас кітапсүйер — 2025” байқауын ұйымдастырды. Байқау жұмысшы-қызметкерлердің, әсіресе жастардың арасында кітап оқу мәдениетін насихаттауға, жастардың кітапқа деген қызығушылығын арттыруға, оларда еркін пікірлей алу, әдебиетке деген құрмет пен назар сезімін қалыптастыруға қызмет етеді. Байқау “Ұлы данышпан және қаламгер”, “Әдебиет білімпазы”, сондай-ақ “Поэзия” сынды үш басқышта ұйымдастырылып, әр қатысушының көркем шығармалар бойынша білім деңгейі, талдау тұрғысынан пікірлеу, поэтикалық сөйлеу және ойлау шеңбері сынан өткізілді. Бір қызығы, бұл байқауға қарапайым қызметкерден бастап, мамандар да қатысты. Яғни руханиятты дамытуға үлкенді-кішілі барша жұмылдырылды. Байқау шарттарына орай, бірінші орынды — №31 мектепке дейінгі тәлім-тәрбие мекемесінің

сөйлеуді дамытушы оқытушысы Матлуба Тошпулатова иемденді. Екінші орынды — №39 балабақшаның тәрбиешісі Дилдора Воситова, ал үшінші орынды №22 мектепке дейінгі тәлім-тәрбие мекемесінің ғимараттар мен құрылыстарға қызмет көрсететін қызметкері Бунед Маликов пен №39 мектепке дейінгі тәлім-тәрбие мекемесінің карауылы Илхом Бусинов иемденді. Жөнімпаздар Әлеуметтік нысандар басқармасы комитеті және Жастар одағы тарапынан диплом және сыйлықтармен марапатталды. Жалпы айтқанда, кез келген сала мамандарының кітап оқуы, кітап оқуға деген ынтасының жоғарылығы алдымен өзінің үлкен жетістігі, сондай-ақ бұл өз жұмысына, кәсібіне деген жауапкершілікті арттыруда да үлкен рөл ойнайды. Ал мұндай бастаманың әсіресе, балабақша тәрбиешілерінің арасында ұйымдастырылуы және қатысушылардың жетістікке қол жеткізіп, ынталандырылуы баршаның, қоғамның үлкен жетістігі. Солай екен руханиятқа бағыттауын осы сынды игі шаралардың жалғасымдылығы арта берсе екен дейміз.

Г.ОРЫНБАСАРҚЫЗЫ, “Нұрлы жолдың” тілшісі.

Су — тіршілік көзі

ҚҰҚЫҚБҰЗУШЫЛАР АЙЫППҰЛ ТӨЛЕДІ

“Су шаруашылығына базар механизмдерін енгізу” мекемесі Сұрхандария облыстық бөлімінің өкілдері облыстық экология, қоршаған ортаны қорғау және климаттық өзгерістер департаментінің қызметкерлерімен бірлесе отырып, өзендер мен сайларда рейдтер мен бақылау шараларын жүйелі түрде ұйымдастырып келеді.

Атап айтқанда, жуырда Денов ауданы, “Мехнатобод” махалласының аумағы арқылы ағып жатқан жылғада жүргізілген рейд барысында азамат Э.У. басқаруындағы шағын экскаватормен сайдан заңсыз түрде құм-қиыршық тастардың қазып алынып, сондай-ақ жүк автокөлігіне артып жатқаны анықталды. Бұл әрекет табиғи ресурстарды заңсыз пайдалану фактісі ретінде бағаланып, құқықбұзушыға “Әкімшілік жауапкершілік туралы” кодекстің 70-бабының 1-бөлігі бойынша негізгі есептік соманың он еселенген мөлшері — 3 миллион 750 мың сум айыппұл салынды. Сондай-ақ бұл азаматтың заңсыз әрекетінен қоршаған ортаға келтірілген шығын көлемі 1 миллион 632,9 мың сум екені анықталды. Сонымен қатар бақылау-қадағалау іс-шаралары барысында бақылаушы мамандар Сұрхандария өзенінің Денау ауданы “Шамолли” махалласының аумағы арқылы өтетін бөлігінің күзет аймағында азамат Х.А. арнайы техникасымен құм-қиыршық қазып, көлікке тиіп жатқаны анықталды. Аталған заңсыз іс бойынша құқықбұзушыға тиісті тәртіппен әкімшілік шара қолданылды. Сондай-ақ табиғи ресурстарға келтірілген шығын көлемі 2 миллион 177 мың сум деп есептелді. Қысқасы, өзендер мен бұлақтар біздің табиғи байлығымыз. Табиғи ресурстарды рұқсатсыз өндіру және заңсыз зиян келтірген жағдайда жазаланады. Өңірдің Олтинсой, Денов, Бойсун, Шеробод аудандары аумақтарындағы өзен арнасын тазарту жұмыстары жүргізіліп жатқан аумақтарда мониторинг және бақылау жұмыстары жалғасуда.

Өму-Сұрхан ирригация жүйесі хауыз басқармасының баспасөз қызметі.

Көзқарас

БАЛАЛАР – ЕЛ ЕРТЕҢІ

Бүкіл әлемде 1 июнь — Балаларды қорғау күні ретінде аталып өтеді. Бұл жөніндегі шешім 1949 жылдың ноябрь айында Халықаралық демократиялық әйелдер федерациясының арнайы сессиясында қабылданған. Алғашқы мереке 1950 жылы өткізіліп, БҰҰ аталған бастаманы қолдап балалардың өмірін, құқығын, денсаулығын қорғауды өз қызметінің басты бағыттарының біріне айналдырды. Иә, бұл күн бізге еліміздің болашағы — өскелең ұрпақтың қолында екенін тағы бір рет еске салатыны сөзсіз.

Әрине, балалар — отбасы қуанышы, ұлт, қоғам болашағы, елдің баға жетпес байлығы. Сондықтан біздің елімізде де жас ұрпаққа қамқорлық жасау, білім беру, олардың дарынын жан-жақты қолдап-қуаттау, құқықтарын қорғау мәселесі мемлекетіміз саясатының басым бағыттарының бірі болып отыр. Елімізде 1992 жылғы 9 декабрьде БҰҰ Бас Ассамблеясы тарапынан қабылданған “Балалар құқықтары туралы” Конвенцияның бекітілуі де олардың құқықтық және әлеуметтік мәртебесін қалыптастыру жолында маңызды қадам болды. Өйткені осы құжат арқылы Өзбекстан халықаралық конвенцияның ережелері мен қағидаттарына мойынсұну, бала құқықтарын қорғаудың ұлттық заңдылық жүйесін жетілдіру бойынша міндеттемелерді, сондай-ақ әлем қауымдастығы алдында жауапкершілік мәселесін өз міндетіне алды. Сонымен қатар ұлттық заңдылық бала құқықтары бойынша халықаралық құжаттарға сәйкестендірілді. “Бала құқықтары кепілдіктері туралы” Заңның қабылдануы бала құқықтарын қорғау бойынша мемлекетіміздің саясатын белгілеп берді. Соңғы жылдарда елімізде балалардың құқығы мен мүддесін толыққанды қорғау барысында дәйекті істер жүзеге асырылумен қатар, ата-ананың қарауынсыз қалған балаларға әлеуметтік қорғаудың күшейтілуі, мұрагерлікті белгілеу жүйесінің реформалануы, балалар еңбегінің барлық түрінен бас тарту, балалардың қоғамдық ұйымдарының, көшбасшылық қабілеттерінің қолдап-қуатталуы да тұрақты назарда.

Қалайда Балаларды қорғау күні олардың өмірін соғыстан қорғау, денсаулығын сақтау,

болашақ ұрпаққа демократиялық негізде білім мен тәрбие беру жөніндегі барша әлемдегі озық пікірлердің тоғысқан арнасы десек, артық айтқандық болмас. БҰҰ-ның жүргізген сауалнамасына сәйкес, бүгінде әрбір оныңшы бала үлкендер тарапынан жасалатын зорлық-зомбылыққа ұшырайды екен. Әлемде өмірі қатерге толы балалар да баршылық. Аш-жалаңаштық, соғыс өрті, терактілер балалардың ғана емес, үлкендердің де психикасына кері әсерін тигізеді. Болса да бұл үдерістер балалардың басына түскен ауыртпалық екені даусыз. Сондықтан соғыс өрті ешбір елде тұтанбаса екен, балалар жетім қалмаса екен, адамдар мен балалар құлдыққа түспесе екен деп тілейміз. Сондай-ақ бүгінгі таңда жасөспірімдер арасында түрлі есірткі қолданатын нашакорлар саны өсуде, олардың көпшілігі ішімдік ішууден де кет әрі емес. Сол себепті мұндай індетке қарсы күресу — баршаның ісі. Өйткені ата-бабаларымыз жеті жасар баланы жеті ауыл болып тәрбиелеген. Сол өрнек жалғасын табуы керек. Түйіндей келе, Балаларды қорғау күні сахналар түрлі-түсті шарлармен безендіріліп, ойыншықтармен жиһаздалып, әндер шыркылып, қойылымдар қойылып тамаша көңіл күйде өткізілетін мереке ғана емес, сондай-ақ бала тәрбиесіне жіті көзбен қарап болашаққа бағдар жасайтын маңызды шаралардың бірі. Демек, адамзаттың алдында тұрған зор міндет — болашақ ұрпақтың білім алуына жағдай жасап, соғыссыз, ауыртпалықсыз, алаңсыз бақытты өмір сүруін қалыптастыру. Соған бізміз бірдей атсалысуымыз керек-ақ.

Жұмагүл ӨЛІМБЕКОВА

Геологиялық барлау

УРАН ГЕОЛОГИЯСЫ: ҚОРЛАРДЫ БАЙЫТУ ЖОЛЫНДА

“Уран және сирек кездесетін металдар геологиясы” ғылыми-өндірістік орталығымен ағымдағы 2025 жылы “Минералдық шикізат базасын дамыту және қалпына келтіру” мемлекеттік бағдарламасы аясында 48 нысанда геологиялық-барлау жұмыстарын жүзеге асыру атап айтқанда, жалпы 1 миллион 849 мың метр бұрғылау жұмыстары жоспарланған.

“Navoiyuran” мемлекеттік кәсіпорны жүргізген геологиялық-барлау жұмыстарының нәтижесінде уран қорының өсу қарқыны 2024 жылға қарағанда 138,8 пайызды құрайды деп күтілуде. Жаңа 3 нысан бойынша геологиялық-барлау жұмыстарын жүзеге асыру үшін жобалық-сметалық құжаттар жасалады.

Шара

БІЛІМ КӨКЖИЕГІНДЕ

Жуырда Науаи инновациялық университетінде Өзбекстан Республикасы Президентінің 2020 жылғы 29 октябрьдегі “Ғылымды 2030 жылға дейін дамыту концепциясын бекіту туралы” Жарлығында белгіленген міндеттерді ескере отырып, сондай-ақ Өзбекстан Республикасы Президентінің 2020 жылғы 6 ноябрьдегі “Өзбекстанның жаңа даму кезеңінде білім-тәрбие және ғылым салаларын дамыту іс-шаралары туралы”, Өзбекстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 28 январьдағы “2022-2026 жылдарға арналған жаңа Даму стратегиясы туралы” және Өзбекстан Республикасы Президентінің 2023 жылғы 11 сентябрьдегі “Өзбекстан — 2030” стратегиясы туралы” Жарлықтарында көрсетілген республикамыздағы әлеуметтік, экономикалық, саяси, рухани салалардағы адам капиталын дамытуға бағытталған және Өзбекстан Республикасындағы жоғары білімді жүйелі реформалаудың үстем бағыттары бойынша ауқымды іс-шара өтті.

Заманалық білім мен жоғары рухани-адамгершілік қасиеттерге ие, тәуелсіз ойлаудың жоғары білікті кадрларды даярлау үдерісін сапалық жағынан жаңа деңгейге көтеру, жоғары білім беру жүйесін жаңғырту, озық білім беру технологияларына негізделген әлеуметтік саланы дамыту мақсатында Науаи инновациялық университетінде “Жаңа Өзбекстанда сапалы білім: ұлттық жүйе және тұрақты даму мақсаттары” тақырыбында халықаралық ғылыми конференция өтті. Конференцияның мақсаты — адами капиталды дамытудағы мектепке дейінгі, жалпы орта, орта арнаулы және жоғары білімнің маңызы, ғылым мен инновация саласындағы жасанды интеллекттің рөлі, білім беру-тәрбие интеграциясы, жеке кәсіпкерлік субъектілері білім беру жүйесіне тарту және осыған байланысты көрініп жатқан жаңа үрдістер, ғылыми-шығармашылық еркіндік пен ғылымның дамуы туралы өзара пікір алмасу.



Сонымен қатар 8 кен орны бойынша техникалық-экономикалық негіздемелер әзірленіп, қорытынды геологиялық-сесептер дайындалады деп жоспарлануда. Биылғы жылдың осы кезеңіне дейін бұрғылау жабдықтарының саны 61-ге дейін жеткізілді. Әр бұрғылау жабдығы бойынша орташа бұрғылау жұмысының өнімділігі 2168 баспалдақ метрді құрап, 2024 жылдың сәйкес кезеңінде салыстыр

ғанда 107 пайызға артты. 2025 жылдың январь-апрель айларында барлығы 30-ға жуық нысанда геологиялық-барлау жұмыстары жүргізіліп, 698 мың 317 метр бұрғылау жұмыстары орындалды. Жаңа 2 нысан бойынша геологиялық тапсырмалар бекітіліп, жобалық-сметалық құжаттарды дайындау жұмыстары басталды.

Гүлдана ТӨРЕХАНҚЫЗЫ

Динара АРАПБАЕВА, Науаи қаласы.



Әдеби кездесу

ҰЛТ БОЛМЫСЫН ТЕРБЕТКЕН “АЛТЫН БЕСІК”

Жуырда Низами атындағы Өзбекстан Ұлттық педагогикалық универститетінің Өзбек тілі және әдебиеті факультеті, қазақ тілі және әдебиеті бөлімінде қазақ әдебиетінің көрнекті өкілдері, Қазақстан Жазушылар одағы, Халықаралық айтыс ақындары мен жыршы-термешілер одағының мүшесі Төлеужан Нүсіпжанұлы Ғұмаров пен қазақстандық өзбек ақыны, аудармашы, Халықаралық Миртемир сыйлығының лауреаты Рабия Қамшыбекқызы Дустанованың шығармашылығына арналған әдеби кездесу өтті. Бұл шара, әсіресе, екі ел арасындағы рухани және әдеби байланыстарды одан әрі нығайтуға үлкен серпін берді.

Әдеби жиында қазақ-өзбек әдеби достығының бүгінгі жай-күйі мен келешегі, ақындардың шығармашылығы, олардың туындыларының көркемдік құндылығы мен әдебиетті дамытудағы орны кеңінен талқыланды. Жиынға Өзбекстан Жазушылар одағындағы Халықаралық байла-ныстар және көркем аударма бөлімінің бас маманы Рисолат Хайдарова, осы одақтағы Қазақ әдебиеті кеңесінің төрағасы Тұрсынәлі Ахметов, одақтың мүшелері Лала Жүнісқызы, Нар-гиза Асадова, қазақ тілі және әдебиеті бөлімінің профессор-оқытушылары мен студенттері, тағы басқалар қатысты.

Шараның ең әсерлі сәттерінің бірі — қазақ тілі және әдебиеті бөлімінің 1-2 курс студенттерінің қос ақынның өлеңдерін жатқа оқуы болды. Жастардың шы-

найы шабытпен, өз мәнерінде орындаған туындылары залдағы қауымның жүрегіне жол тауып, ерекше әсер сыйлады. Өзбекстан Жазушылар одағы-ның мүшесі Лала Жүнісқызының айтуынша, студент жастармен әдебиеттің қазіргі кездегі орны, оның қоғамдағы рөлі жайлы шынайы әңгіме құрудың маңызы зор. Тек боямасыз, таза диалог қана олардың шын ойын, ішкі толғанысын ашып көрсетуге мүмкіндік береді деп ойлаймын. Мысалы, шарада уақыт шектеулі болғандықтан, тіл мен әдебиет бөлімінде оқып жатқан шығарма-шыл жастардың өлеңдері мен әңгімелерін тыңдай алмадық. Дегенмен, мен сол ортада да-рында, шабытты жастардың болғанына сенімдімін. Әдебиет-ке қызығушылығы бар, рухы биік, білімді, еркін ойлы жастар-



дың қалыптасуы — бүгінгі қоғам-ның ең маңызды мақсаттарының бірі. Әдебиетке деген құштарлық — жүректің қалауы, рухтың тала-бы. Бұл құбылыс ешқашан жап-пай болмаған, болуы да мүмкін емес. Дегенмен, әдебиетті туды-ратын ақын-жазушылар барда, оқырман қызығушылығы да әрдайым сақталады. Оны дамы-тып, жастар арасында қолдап отыру — біздің ортақ парызы-мыз. Жастарға әдебиетті насихаттаудың, оның тереңдігін, өмір-шендігін түсіндірудің маңызы зор. Үйірмелер мен шығармашы-лық кештерде жас қаламгер-лердің алғашқы туындыларын талқылап, олардың бағытын ай-қындауға көмек көрсету керек. Цифрлық дәуірдің мүмкіндіктерін пайдаланып, шығармаларын желі арқылы көпшілікке жеткізу-ге болады. Бұл да шығармашыл жастарды қолдаудың бір жолы. Осындай қолдаулар арқылы бо-лашақта рухты, білімді, өз орта-

сына басшылық ететін, батыл жастардың қалыптасарына сенемін, — деп өз ойын бөлісті. Шара барысында Төлеужан Ғұмаров пен Рабия Дустанованың екі тілде жарық көрген “Алтын бесік” кітабының таныстырылымы да өтті. Бұл туынды бала-ларға арналған өлеңдер жинағы болып, қазақ халқының салт-дәстүрін, тұрмыс-тіршілігін, ұлттық ойындарын, төрт түлігін, туған жерін поэзия тілімен таныс-тыратын тәрбиелік мәні жоғары жыр жинақ саналады. Аталмыш кітап қазақ-өзбек тілдерінде жарық көріп отыр. Түпнұсқаның авторы Төлеужан Ғұмаров бол-са, туындыны өзбек тіліне Рабия Дустанова аударған. — “Алтын бесік” — менің төртінші кітабым. Алматы облы-сы әкімдігінің қолдауымен жыл сайын шығатын туындылар серия-сы бар. Соның негізінде менің де еңбегім жарық көрді. “Алтын бесік” кітабы балабақша, мектеп

балаларына арналған танымдық оқулық. ҚР Мәдениет және ақпа-рат министрлігінің қазақ-өзбек қарым-қатынасын, оның ішінде әдеби байланыстарды нығайту бастамасы бар. Тиісінше, кітап-ты өзбек тіліне аудару аталған жоба аясында қолға алынды. Осы ретте аудармашы Рабия Дустановаға алғыс білдіремін, — деді кітап авторы Төлеужан Нүсіпжанұлы. Кездесудің соңында студент-тер қаламгерлерге сұрақ қойып, олардың шығармашылығына терең бойлауға мүмкіндік алды. Көпшілік қауымға шынайы шы-ғармашылықтың құпиялары мен ақындық шабыттың қайнар көздері жайлы ой бөліскен ақын-дар кездесуден кейін өз қолтаң-басымен кітаптарын сыйға тарт-ты. Бұл — әдебиетке жаны жа-қын жастар үшін зор рухани қол-дау болды.

— Ақын Төлеужан Ғұмаровтың “Алтын бесік” жинағы ұлттық құндылықтар мен балалар әде-биетін ұштастырған тамаша еңбек. Ондағы өлеңдер арқылы жас ұрпақ ата-баба жолын тани-ды, Отанды сүйеді, тәрбие мен білімге бейімделеді. Бұл жинақ — ұлттық болмыстың “алтын бе-сігіне” айналған, ұлттың рухани байлығын паш ететін, өткен мен бүгіннің арасын жалғап, бола-шаққа бағдар беретін көркем туынды. Ақын шығармашылығы жастарды елін, жерін сүюге, та-рихты тануға, ұлттық құндылық-тарды құрметтеуге тәрбиелеуде таптырмас құрал бола алады, — деп атап өтті Тұрсынәлі Ахметов. Осындай кездесулер екі ха-лықтың рухани байланысын те-рендетіп, әдебиетсүйер қауым-ды бір арнаға тоғыстырумен қатар, болашақ ақын-жазушы-лардың шабытын шыңдауға зор ықпал етеді.

Айдана МЕДЕНОВА, “Нұрлы жолдың” тілшісі.

Достық арқаулары

БЕЙБІТ ЕЛГЕ ТОЙ ЖАРАСАР

Жуырда Мырза Ұлықбек атындағы Ташкент қалалық Орталық саябақта Татар жұртшылық мәдени-ағарту, А.З.Валиди атындағы Ташкент қалалық башқұрт жұртшылық-мәдени орталықтарының, сондай-ақ Ұлтаралық қатынастар комитетінің ынтымақтастығында татар және башқұрт халықтарының ұлттық мейрамы саналған Сабантой шарасы өтті.

Саябақтың басты сахнасын-да мерекенің салтанатты ашы-лу рәсімі өтті. Оған Өзбекстан Республикасы Ұлтаралық қаты-настар және шетелдегі отан-дастар мәселелері бойынша комитеттің төрағасы К.Сариев, Ресей Федерациясының Өзбек-стандағы Төтенше және өкілетті елшісі О.Малгинов, Татарстан Республикасы Премьер-ми-нистрінің орынбасары, Бүкіл-әлемдік татарлар конгресі Ұлттық кеңесінің төрағасы В.Шайхразиев, Башқұртстан Республикасы Мәдениет ми-нистрінің орынбасары Г.Хами-тов, сондай-ақ көршілес елдер-ден, Тәуелсіз мемлекеттер дос-тастығы елдерінен, атап айт-қанда, Татарстан және Баш-құртстаннан келген қонақтар қатысты.

Ұлтаралық қатынастар және шетелдегі отандастар мәселе-лері бойынша комитеттің төра-ғасы К.Сариев жиналғандарды шынайы құттықтады. Соңғы жылдарда Өзбекстан Респуб-ликасы Президенті Ш.Мирзи-яевтың басшылығында Өзбек-станда ұлттық дамудың түбе-гейлі жаңа басқышқа негіз қаланғанын, ұлтаралық тату-лық, барлық ұлт пен ұлыс өкіл-дерінің мәдениетін, тілін, әдет-ғұрпын сақтауға және дамытуға одан әрі мүмкіндігін жасал-ғанын айтып өтті.

Мерекенің ашылу рәсімінде сөз сөйлегендер елімізде түрлі ұлт өкілдеріне өзінің ұлттық мейрамдарын еркін өткізуі үшін бар мүмкіндік пен жағдай жа-салғанын тілге тиек етті.

Шараның көркемдік бөлімін-де Өзбекстан Республикасы-ның, Башқұртстанның, Татар-станның танымал өнер иелері мен басқа да көркем әуесқой-лық топтарының қатысуымен мерекелік концерт ұйымдасты-рылды.

Сонымен қатар мерекелік ша-рада спорттың қиғас, тас көтеру, садақпен оқ ату сынды түрлері-нен жарыстар, сондай-ақ арқан тарту, қаппен жүгіру, суды төкпей жүгіру, ләңгі тебу, сабан толы-рылған қаппен күресу, бағанға шығу, қасықпен жұмыртқаны алып жүгіру сынды ұлттық ойын-дар да өткізілді.

Мерекелік бағдарламада Өзбекстан қолөнершілерінің көрмесі мен шеберліктері ұйымдастырылды. Бұдан тыс, құймақ, өзбек халқының пала-уын дайындау, татарша “чоу” демдеу тәсілдері, тағы басқа да ұлттық тағамдар фестивалі де орын алған.

Ұлтаралық қатынастар және шетелдегі отандастар мәселелері бойынша комитеттің Ақпарат қызметі.

Кітап сөреңізге

ЖОБА АЯСЫНДА ТАҒЫ БІР ТУЫНДЫ

Жуырда Ұлттық баспасөз орталығында Өзбекстан Республикасы отбасы және әйелдер комитеті мен “Қанат” жобасы аясында дарынды жазушы Мастура Абдураимованың “Истисно” кітабының тұсаукесері өтті.

Хатыршы ауданында туылған, жиырма жылдық өмірін денсау-лық сақтау жүйесінде түрлі лауа-зымдарда өткізген Мастура Аб-дураимова әдеби туындыларды 40 жастан кейін бастауына қара-мастан, әдебиет әлеміне шына-йылықпен, шығармашылық ша-быт және бай интеллектуалды ой-санамен жасануымен, сон-дай-ақ ішкі рухани қажеттілігімен келді.

Аталмыш жинақта 35 әссе, хи-кая әңгіме және драмаларды бір тыныспен оқуға болады. Олар жеке тулғанын психикалық сызбалары философиялық-ғылыми көркем тұрғыдан болып, автор адамның тынық сезімін, өзгеріп жатқан ай-наладағы зауалсыз дүниетанымын және әдемі көңіл сарайын жоғары шеберлікпен және жаңа серпінмен суреттеуге әрекет етеді. Автор өз кейіпкерлерінің психикалық-эмоци-оналдық жағдайын үйреніп, оның түпкі себептерін, жақсылық пен жамандық арасындағы күрес фи-лософиясын зерттейді.

— Мастура Абдураим өзіне тағдыр, жазмыш деп қабылда-ған ақ қағаздың алдындағы пәк көңілімен тілдесіп, санасып жат-қан жазушы кез келген жерде, кез келген уақытта ішкі әлемдегі ізгіліктер мен адамгершілікті бі-рінші орынға қояды, — дейді та-нымал драматург және жазушы Кучкор Норқобиров. — Ақпарат-танып, барған сайын талғамсыз-

дығы артып бара жатқан әлем-де сана-сезім кемелділігі және көңілінің оялулығы арқылы кемел-тұлғаны жарату мүмкіндігі, дәл осы жол арқылы, өмір сүрудің мәңгі мазмұнының айқындалуы жөнінде жақсы әсер қалдырады. Бұл терең қорытынды оның әрбір шығармашылық үлгісі мазмұнын да тікелей сіндіріліп, түрлі мінез-дегі кейіпкерлер тілімен әңгіме-леп отырады. Дәл осындай өшпес тақырыптарды оның жал-пы көркемдік тұрғыдан тірек оқ нүктесі деуге болады.

— Комитетіміз тарапынан еліміз-дегі дарынды шығармагерлерді, талантты жазушыларды, жазушы әйелдерді жан-жақты қолдап-қуат-тау бойынша жүйелі іс-шаралар жа-салған, — дейді комитет ақпарат қызметінің басшысы, филология ғылымының докторы Саодат Бой-ирзаева. — Атап айтқандай, “Жа-зушы әйелдер” қырылымы, “Әйел ағартуы” жұртшылық кеңестерінің қызметі жыл сайын кеңеюде. Бүгінгі кітап авторының кейіпкерлері ме-дицина, әлем әдебиеті, кино және бейнелеу өнері, философия қыз-меткерлері сынды мамандық иеле-рінің образдары арқылы жалпы-адамзатқа қатысты идеяларды өз оқырманына әсерлі бояулармен жеткізуге тырысады.

Әлем әдебиетінен тұрақты түрлі аудармалар жасап жүрген, бірақ шығармашылық мүмкіндік және әлеуетін әлі де толық іске



қосып үлгермеген Мастура Аб-дураимованың осы кітабымен таныса отырып, оның өз ойла-ры мен көзқарастарын сөз ше-беріне қаншалықты шеберлікпен және нәзіктікпен теріп қойғаны-ның куәсі боласыз.

Кітаптан орын алған барлық шығармашылық еңбектер түрлі кезеңдерде “Бекахон”, “Интел-лект”, “Маънавият сарчашмала-ри”, “Самарканд ешлари”, “Улуғ йул”, “Тиббиет ва хаёт” газетте-рінде, сондай-ақ “Шарқ юлдузи”, “Муштум”, “Жахон адабиети”, сондай-ақ Түркияның “Гүнчел Са-нат”, Эсербайжанның “Язарлар” журналдарында, “Зие.уз”, “Но-дирабегим.уз”, “Музафар.уз”, Бангладештің “Хумаюнс Эдито-риал” электронды әдеби басы-лымдарында жарық көрген.

Шара сонында “Қанот” жо-басы аясында автордың шығарма-шылық еңбегі бойынша ұйым-дастырылған байқауға қатысқан 70-ке жуық қатысушының арасы-нан іріктелген жеңімпаздар ма-рапатталды.

Гүлжамал БАЙТӨРЕЕВА, “Нұрлы жолдың” тілшісі.

Тәрбие — талбесік

ТӘЖІРІБЕ МЕН НӘТИЖЕ

Мектепке дейінгі тәлім-тәрбие — бала тұлға ретінде қалыптасатын алғашқы әрі ең маңызды баспалдақ. Бүгінде бұл салаға ерекше көңіл бөлініп, оны реформалау, мектепке дейінгі мекемелер желісін кеңейту, материалдық-техникалық базасын заман талабына сай жаңғырту бағытында ауқымды жұмыстар атқарылуда.

Өзбекстан Республикасы Президентінің 2017 жылғы 30 сентябрьдегі “Мектепке дейінгі тәлім-тәрбие министрлігі қызметін ұйымдастыру тура-лы” қаулысынан кейін бұл салада он өзгерістер қарқын алды. Соның нәтижесінде балаларды мектепке дейінгі тәлім-тәрбиемен қамту деңгейі күрт артты. Алты жастағы балаларды мектепке дайындау жүйесі енгізілді. Бұл мақсатта мемле-кеттік бюджеттен 130 миллиард сум бөлініп, бұл үдеріске жекеменшік мектепке дейінгі мекемелер де тікелей қатысуда. Бұл жұмыстардың түпкі мәнін-де — мектеп жасына дейінгі балаларға тәлім-тәрбие беру жүйесін жетілдіруге бағытталған үмітті мақсаттар жатқанын көреміз.

Педагогикалық білім беру инновациялық клас-тері аясында Шыршық мемлекеттік педагогика-лық университеті мектепке дейінгі мекемелер қызметін іштен зерттеу, ондағы кемшіліктерді жою мақсатында “Модульді мектепке дейінгі тәлім-тәрбие зертханасы” инновациялық тәжіри-бе аландарын іске қосты. Мұндай аландарда ин-ституттың бірқатар профессор-оқытушылары сту-денттермен бірге нақты мәселенің шешіміне ба-ғытталған ғылыми жобалар бойынша зерттеулер жүргізуде. Қазірде бұл тәжірибе-сынақ аландарын-да үш жоба сынақтан өткізілуде. “Модульді мек-тепке дейінгі зертхана” — институттың ғылыми әлеуетін және балабақшалардың тәрбиеші-педа-гогтарының тәжірибесін біріктіру арқылы нәтиже-ге қол жеткізуді мақсат етеді.

Осы орайда, жапондық зерттеуші, бала пси-хологиясының білгірі Масару Ибуканың “Үш жас-тан кейін кеш” атты кітабын ескеру орынды деп санаймын. Осы кітап туралы: “Бұл — жазылған кітаптардың ішіндегі ең маңыздысының бірі. Оны Жер шарындағы барлық ата-ана оқуы керек” де-ген баға берілген. Шын мәнінде, бұл еңбек ата-аналар мен балабақша тәрбиешілері үшін аса құнды нұсқаулық саналады. Автордың пікірінше, ересектер қиындықпен менгеретін білімді бала-лар ойын арқылы жеңіл менгереді. Бұл үдерістің негізі — білімді уақтылы бере білуде. Соңғы зерт-теулерде адамның ми мүмкіндігінің шексіз екені, білім мен тәрбиенің балаға неғұрлым ерте беріл-се, соғұрлым оң нәтижесін беретіндігі дәлелден-ген. Осы мағынада, модульді мектепке дейінгі зертханада жүзеге асырылып жатқан жобалар — бала психологиясы мен қабілетіне қатысты осы зерттеулер нәтижесіне жақындата түседі. Мәсе-лені тікелей бақылау барысында зерттеу мүмкін-дігін береді.

Аталған инновациялық тәжірибе аланының мақ-саты — институттың профессор-оқытушылары мен студенттері бірлесі отырып, нақты мәселенің шешіміне бағытталған ғылыми жобалармен жұмыс жүргізу мүмкіндігін жасау. Сонымен қатар институттың ғылыми әлеуеті мен мектепке дей-інгі мекемелердің тәрбиеші-педагогтарының тәжірибесін біріктіру арқылы нақты нәтижеге қол жеткізуді көздейді. Бұл жоба студенттерге бала-бақшалардағы тәлім-тәрбие үдерісін тікелей ба-қылауға, сондай-ақ мектепке дейінгі педагогика және балабақша жасындағы балалар психологи-ясына байланысты ғылыми-тәжірибелік жобалар мен зерттеулерді тәжірибе ретінде жүзеге асы-ру мүмкіндігін береді. Бұл үдеріс тек студенттер үшін ғана емес, сонымен қатар ғылыми зерттеу-шілер, ата-аналар, профессор-оқытушылар, прак-тикант мамандар үшін де инновациялық тәжіри-бе алаңы ретінде қызмет атқарады.

Мектепке дейінгі тәлім-тәрбиеде студенттердің менгерген теориялық білімдерін практикада қол-дана алу дағдылары мен кәсіби құзыреттерін дамытуда “Модульді мектепке дейінгі зертхана” арқылы аудиторияда алған теориялық білімдері бекемделіп, тәжірибелік дағдылары дамытыла-ды, яғни оқу сабақтары теория мен практиканың үйлесімінде ұйымдастырылады.

Бұдан тыс, зертхананың маңызды тұсы — сту-денттердің мектепке дейінгі жастағы балаларға деген көзқарасына оң әсер етеді, тәрбиеші ма-мандығының өзектілігі мен тартымдылығын арт-тырады. Педагогикалық білім беру инновациялық кластері аясында мектепке дейінгі мекемелер-мен оқу-әдістемелік серіктестікті күшейтеді. Сон-дай-ақ еліміздегі мектепке дейінгі білім беру жүйе-сінде үлгі ретінде қызмет етеді.

Захро ШАНАСИРОВА, Шыршық мемлекеттік педагогика университеті.

Нұрлы жол

ҚҰРЫЛТАЙШЫЛАР:

Өзбекстан Республикасы Олий Мажлисі

Заң шығару палатасының Кеңесі, Өзбекстан Республикасы Олий Мажлисі Сенатының Кеңесі және Өзбекстан Республикасы Министрлер Кабинеті

Бас редактор Ғұламзәкір ЮСУПОВ

Газет 2008 жылы 25 июльде Өзбекстан Республикасы Президенті Администрациясының құзырышыда Ақпарат және бұқаралық коммуникациялар агенттігінде 0004-санымен тіркелген. Оффсеттің басылым. Қағаз түрі А2. Аптасына 2 рет шығалы. Таралымы — 3689

Көлемі 4 беттен артық қолжазбалар қабылданбайды. Жарияланбаған хаттарға жауап қайтарылмайды. Газетте жарық көрген оқырмап пікірі редакция көзқарасмен сәйкес келе бермейтіні ескертіледі. “Нұрлы жолдың” материалдарын редакцияның келісімінсіз көшіріп басуға болмайды.

Кезекші редактор: Жұмағұл ӘЛІМБЕКОВА

Беттеуші-дизайнер: Қайсар РАХМАНОВ

nurljol2022@umail.uz

Мекенжайымыз: Ташкент, ГСП, 100011. “Науан” көшесі, 30-үй, 4-қабат.

Телефон: +998 55 510-04-64.

Индекс: 168. Көлемі 2 баспа табак. Бөлшек саудада еркін баға.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді.

“Шарқ” баспа-полиграфия акционерлік компаниясының баспаханасында басылды. Көшіпоринының мекенжайы: “Буюк Турон” көшесі, 41-үй.

Тапсырмә Г — 626.

Басуға тапсыру уақыты: 21.00

Тапсырылды: 21.40 1 2 3 4 5 6

https://sites.google.com/view/nurljoluz

https://t.me/nurljol1991

https://www.facebook.com/profile.php?id=100094152278738